

**ШЖК «№12 қалалық емхана» МКК-ны қызметіндегі сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық
анықтама**

Шымкент қаласы

26.05.2025

Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы «Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№12 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметінде (әрі қарай – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 14 сәуір мен 26 мамыр аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы, Кәсіпорын бас дәрігерінің 2025 жылғы 11 сәуір № 164 бұйрығымен бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдерін ішкі талдау мынандай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
3. Кадрлық саясат
4. Пациенттермен және халықпен өзара әрекет

**1. Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге
байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырады.

- Кәсіпорынның штаттық қызметкерлеріне еңбекақы төлеу,

ынталандыру және көтермелеу туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығымен бекітілген «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін көтермелеу қағидаларының» нормаларына, Қазақстан Республикасы еңбек және салалық заңнамасының өзге де құқықтық нормаларына, Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-213/2020 бұйрығына, сондай-ақ Кәсіпорын Жарғысының қағидаларына сәйкес әзірленді.

Кәсіпорын штаттық қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұйымдастырудың негізгі принциптерін, сондай-ақ еңбек ақы қорын қалыптастыру және бөлу тәртібін, еңбек ақы төлеудің, сыйақы төлеудің, көтермелеу, өтемақы және әлеуметтік төлемдердің нысандары мен мөлшерлерін айқындау тәртібін белгілейді.

Ереже Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаты мәртебесіне ие және Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне қолданылады.

Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдері анықталған жоқ,

2. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының келесі негізгі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне бағынады:

Ең алдымен, мемлекеттік сатып алу рәсімдері «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл заң сатып алудың қағидаттарын, тәсілдерін, рәсімдерін және тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Сатып алулардың нақты тәртібі мен ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі. Аталған қағидалар сатып алуды жоспарлау, конкурс өткізу, баға ұсыныстарын жинау, шарт жасасу және есеп жүргізу тәртібін белгілейді.

Сонымен қатар, емхана «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңға сәйкес сатып алуға қатысты барлық қаржылық операцияларды есепке алуға және ішкі бақылауды жүргізуде.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында емхана «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның талаптарын сақтануда.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Кадрлық саясат

Штаттың саны - 566,5 бірлік, дәрігер – 124,5 бірлік, провизор – 1 бірлік, орта буындағы медицина қызметкерлері – 324,25 бірлік, фармацевт – 2 бірлік, кіші медицина қызметкерлері – 47,75 бірлік, өзге қызметкерлер – 62,5 бірлік, әлеуметтік қызметкерлер – 5,5 бірлік, психологтар – 5 бірлік, оның ішінде – 132 қызметкер декретте. Қабылданған - бірлік, босатылған – 13 бірлік.

Ұйымдық-кадрлық қызметтегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау Кәсіпорындағы персоналды басқару бөлінген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескертетін және ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңына, сандай-ақ өзге де нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті. Жалпы адами ресурстарды басқару саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу үдістері ұйымдастырылған.

4. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіндегі шаралардың бірі болып табылады. Кәсіпорын қызметкерлері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кәсіпорын басшылығына және (немесе) құқық қорғау органдарына өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабарлауға, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қолдануға, туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы тікелей басшыны жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті, ол бұл туралы білген бойда. Осылайша, қызмет персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

Қорытынды:

Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдерін ішкі талдау Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдерінің жоқтығын көрсетті. Алайда ішкі нормативтік базаны және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұйымдастыру шараларын жетілдіруді жалғастыру, қызметкерлер арасында тұрақты оқытуды және түсіндіру-профилактикалық жұмысты қамтамасыз ету қажет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобы:

Темирбеков М.Ж.

Эргешов Б.Б.

Халходжаева З.И.

Эрметов О.Р.

Искендир О.С.

Сайдирасулова С.Т.

Култаев Х.З.


Эргешов А.Ш.

Жумабаева Д.Д.

Ажибекова К.О.

Тәңірбердиев Б.Б.

Бас дәрігер



М.К. Бердалиев